



**«Самұрық-Қазына»  
Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ**

Аралық қысқартылған жеке  
қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

*2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша  
және осы күнге аяқталған алты ай үшін*

## МАЗМҰНЫ

---

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікті шолып тексерудің нәтижелері бойынша есеп

### Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

Қаржылық жағдай туралы аралық жеке есеп .....	1
Жиынтық кіріс туралы аралық жеке есеп .....	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық жеке есеп .....	3-4
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық жеке есеп .....	5
Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ескертпелер (аудит жүргізілмеген) .....	6-26

## **Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп**

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның Акционерлері мен Басшылығына

### ***Кіріспе***

Біз «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның қоса беріліп отырған аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша аралық қысқартылған жеке қаржылық жағдай туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған алты ай үшін жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған жеке есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған жеке есептен және ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған жеке есептен, сондай-ақ таң даулы түсіндірме ескертпелерден («аралық қаржылық ақпарат») тұрады. Басшылық 34 (IAS) «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қаржылық ақпаратты дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде осы аралық қаржылық ақпарат жөнінде тұжырымды қалыптастыру болып табылады.

### ***Шолып тексерудің көлемі***

Біз шолып тексеруді 2410 «Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру» шолып тексерулердің Халық аралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

### **Тұжырым**

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның қоса беріліп отырған аралық қаржылық ақпараты барлық елеулі аспектілерде «Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болуы мүмкін фактілер анықталмады.

### **„Эрнст энд Янг“ ЖШС**



Адиль Сыздыков  
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ МФ-0000172 біліктілік куәлігі

050060, Алматы, Қазақстан Республикасы  
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2021 жылғы 10 қыркүйек



Рустамжан Саттаров  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы  
МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан  
Республикасының аумағында аудиторлық  
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік  
лицензия

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ЖЕКЕ ЕСЕП**

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Ескерт.</b>	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)</b>
<b>Активтер</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар		10.506	10.405
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		5.245	6.314
Материалдық емес активтер		802	850
Еншілес ұйымдарға инвестициялар	4	4.427.073	4.342.227
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	5	1.545.552	1.545.552
Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек	6	582.312	566.913
Кредиттік мекемелердегі қаражат	7	399.525	399.221
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері		694	1.373
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	8	27.519	32.481
		<b>6.999.228</b>	<b>6.905.336</b>
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		2.203	1.883
Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек	6	164.036	167.608
Кредиттік мекемелердегі қаражат	7	28.343	36.473
Өзге де қысқа мерзімді активтер	9	121.798	14.538
Ақша қаражаты және оның баламалары	10	390.273	344.292
		<b>706.653</b>	<b>564.794</b>
Акционерге беруге арналған активтер		-	161
<b>Активтердің жиыны</b>		<b>7.705.881</b>	<b>7.470.291</b>
<b>Капитал және міндеттемелер</b>			
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	11	5.258.657	5.258.657
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві		(1.472)	(1.472)
Бөлінбеген пайда		710.480	519.489
<b>Капитал жиыны</b>		<b>5.967.665</b>	<b>5.776.674</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар	12	911.672	847.877
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	13	567.154	562.448
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер		45.249	38.184
		<b>1.524.075</b>	<b>1.448.509</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар	12	157.625	151.789
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	13	13.411	30.773
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер		4.519	5.243
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	14	38.586	57.303
		<b>214.141</b>	<b>245.108</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>1.738.216</b>	<b>1.693.617</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер жиыны</b>		<b>7.705.881</b>	<b>7.470.291</b>

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі



Назира Нұрбаева

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

6-26-беттердегі қоса берілген ескертпелер осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ЖЕКЕ ЕСЕП**


<i>Миллион теңгемен</i>	Ескерт.	2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Пайыздық кірістер	15	45.405	43.922
Пайыздық шығыстар	16	(32.369)	(36.228)
Дивидендтерден түскен кіріс	17	235.064	203.738
<b>Жалпы пайда</b>		<b>248.100</b>	<b>211.432</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	18	(12.772)	(9.123)
Қаржылық кірістер	19	12.068	13.864
Қаржылық шығыстар	20	(23.083)	(18.154)
Еншілес ұйымдағы үлестің шығуынан түскен кіріс	4	-	75.299
Күтілетін кредиттік шығын резервін (есептеуден болған шығын) / күтілетін кредиттік шығын резервін қалпына келтіру, нетто		(2.691)	911
Бағамдық айырмадан болған шығын/кіріс, нетто		(2.013)	8.750
Өзге де операциялық кірістер/(шығыстар), нетто		2.386	(1.112)
<b>Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда</b>		<b>221.995</b>	<b>281.867</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	21	(1.258)	(1.746)
<b>Кезеңдегі таза пайда</b>		<b>220.737</b>	<b>280.121</b>
<b>Табыс салығы шегерілген, кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы</b>		<b>220.737</b>	<b>280.121</b>

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі



  
Назира Нұрбаева

Бас бухгалтер


  
Алмаз Абдірахманова

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ЖЕКЕ ЕСЕП**

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Ескерт.</b>	<b>2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>
<b>Операциялық қызметтен болған ақша ағындары</b>			
Дивидендтер бойынша түсімдер	17	120.096	200.672
Алынған қарыздар бойынша түсімдер	12	21.442	26.141
Берілген қарыздарды қайтару		12.114	25.032
Кредиттік мекемелердегі қаражатты қайтару		26.524	3.679
Үкіметтен алынған қарыздарды өтеу		(23.285)	(440)
Еншілес компанияларға қарыздар беру	6	(3.360)	(5.846)
Өнім берушілерге төлемдер		(3.274)	(3.866)
Жалақы бойынша төлемдер		(1.459)	(1.081)
Демеушілік көмек беру	18	(4.991)	(1.689)
Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы		(1.773)	(1.746)
Өзге де салықтар мен төлемдер		(1.207)	(1.094)
Алынған пайыздар		16.388	21.830
Төленген пайыздар		(21.711)	(23.217)
Сенімгерлік басқару шарттары бойынша түсімдер		-	2.088
Өзге де түсімдер		3.642	818
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі</b>		<b>139.146</b>	<b>241.281</b>
<b>Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары</b>			
Банктік депозиттерді орналастыру, нетто		-	(23.500)
Еншілес ұйымдардың жарғылық капиталына жарналар	4	(70.272)	(30.894)
Еншілес ұйымдар шығарған облигацияларды өтеуден түскен түсімдер	6	6.287	5.671
Негізгі құралдарды сатып алу		(173)	(40)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(51)	(255)
Еншілес ұйымның жарғылық капиталының азаюына байланысты түсімдер		8.564	-
Еншілес ұйымдар шығарған облигацияларды сатып алу		(15.695)	-
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза есептен шығарылуы</b>		<b>(71.340)</b>	<b>(49.018)</b>

6-26-беттердегі қоса берілген ескертпелер осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ЖЕКЕ ЕСЕП (жалғасы)**

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескерт.	2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
<b>Қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындары</b>			
Жарғылық капиталға салынған жарналар	11	-	26.000
Акционерге бөлу	14	(47.649)	(19.998)
Алынған қарыздарды қайтару		(65.083)	(723)
Бақылауды жоғалтуға әкеліп соқтырмайтын еншілес ұйымдағы үлесті өткізуден түскен түсімдер	4	-	83.944
Қарыздар бойынша түсімдер	12	86.969	-
Шығарылған облигациялар бойынша түсімдер	12	-	129.200
Шығарылған облигациялар бойынша өтеу	12	-	(129.200)
Үкіметтің қарыздарын өтеу	13	-	(50.182)
Өзге де түсімдер		64	44
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза (шығуы)/түсуі</b>		<b>(25.699)</b>	<b>39.085</b>
<b>Ақша қаражаты және оның баламаларының таза көбеюі</b>		<b>42.107</b>	<b>231.348</b>
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражатына және оның баламаларына әсері		3.874	15.541
Кезең басындағы ақша қаражаты және оның баламалары		344.292	312.836
<b>Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары</b>		<b>390.273</b>	<b>559.725</b>

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі



Назира Нұрбаева

Бас бухгалтер

Алмаз Әбіраханова




**КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ЖЕКЕ ЕСЕП**

Миллион теңгемен	Ескерт.	Жарғылық капитал	Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін инвестицияларды қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
<b>2019 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудит жүргізілген)</b>		5.229.112	(1.472)	501.281	5.728.921
Кезеңдегі таза пайда		-	-	280.121	280.121
<b>Кезеңдегі жиынтық кірістің жиыны</b>		-	-	280.121	280.121
Акциялар шығару		28.731	-	-	28.731
Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт		-	-	(18.743)	(18.743)
Акционерге өзге де бөлу	14	-	-	(15.648)	(15.648)
<b>2020 жылғы 30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген)</b>		5.257.843	(1.472)	747.011	6.003.382
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудит жүргізілген)</b>		5.258.657	(1.472)	519.489	5.776.674
Кезеңдегі таза пайда		-	-	220.737	220.737
<b>Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны</b>		-	-	220.737	220.737
Акционерге өзге де бөлу	14	-	-	(29.585)	(29.585)
Акционерге беруге арналған активтер		-	-	(161)	(161)
<b>2021 жылғы 30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген)</b>		5.258.657	(1.472)	710.480	5.967.665

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі


  
 Назира Нұрбаева

Бас бухгалтер


  
 Алмаз Абдірахманова

6-26-беттердегі қоса берілген ескертпелер осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген)

### 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

#### Корпоративтік ақпарат

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы қаулысына сәйкес 2008 жылғы 3 қарашада құрылды. Қор «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қазына») мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық») біріктіру және Мемлекеттің Қорға Қазақстан Республикасы Үкіметіне (бұдан әрі – «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір кәсіпорындардағы өз меншік құқығын қосымша беру арқылы құрылды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Үкімет Қордың құрылтайшысы болып табылады. Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі – «Акционер») болып табылады.

2012 жылғы 1 ақпанда «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-IV Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Қордың тобына кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Қордың тобына кіретін активтерді тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға бағытталуға тиіс.

Қор 4 және 5-ескертпелерде тізбеленген бірқатар кәсіпорындардағы инвестицияларды иеленетін холдинг болып табылады.

Қордың әкімшілік мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Е-10 көшесі, 17/10 үй.

Осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікті Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры мен Бас бухгалтері 2021 жылғы 10 қыркүйекте шығаруға бекітті.

Осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілік Қордың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қосымша шығарылды. Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры мен Бас бухгалтері 2021 жылғы 10 қыркүйекте шығаруға бекітті.

### 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілік 34 БЕХС «Аралық қаржылық есептілік» («34 БЕХС») бухгалтерлік есептің халықаралық стандартына сәйкес дайындалды. Осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке жылдық қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс барлық мәліметтер мен деректер кірмейді және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың жылдық жеке қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

Осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллион теңгеге дейін дөнгелектенген.

#### Шетел валютасын қайта есептеу

##### *Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілік Қордың функционалдық валютасы мен есептілікті білдіру валютасы болып табылатын теңгемен берілді.

##### *Операциялар және шоттар сальдосы*

Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операция жасалған күні қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есептік күні қолданылатын функционалдық валютаның ресми нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы аралық жеке есепке қосылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күнгі бағамдар бойынша қайта есептеледі.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

### 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

#### Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)

##### *Валюталарды айырбастау бағамдары*

Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген орташа өлшенген айырбас бағамдары Қазақстанда шетел валютасын айырбастаудың ресми нарықтық бағамдары ретінде пайдаланылады.

ҚҚБ-ның 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 427,89 теңгені құрады. Осы бағам 2021 жылдың 30 маусымына АҚШ долларында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2020 жылдың 31 желтоқсанына: 1 АҚШ доллары үшін 420,91 теңге). ҚҚБ-ның 2021 жылғы 10 қыркүйектегі айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 426,52 теңгені құрады.

#### Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және Қор алғаш рет пайдаланатын қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген жаңадан қабылданған стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Қордың жылдық жеке қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Қор шығарылған, бірақ әлі күшіне енген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбайды.

Сондай-ақ Қор алғаш рет 2021 жылы келесі түзетулер мен түсіндірмелерді қолданды, бірақ олар оның аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

*«Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау» – 9 ҚЕХС-ке (IFRS), 39 ҚЕХС-ке (IAS), 7 ҚЕХС-ке (IFRS), 4 ҚЕХС-ке (IFRS) және 16 ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулер*

Түзетулер ұсыныстың банкаралық мөлшерлемесі (IBOR) баламалы іс жүзіндегі тәуекелсіз пайызсыз мөлшерлемеге ауыстырылған жағдайларда қаржылық есептілік үшін болатын салдарды түзету үшін қолданылатын уақытша босатуларды білдіреді. Түзетулер мыналарды көздейді:

- практикалық сипаттағы жеңілдетуді, соған сай реформамен тікелей талап етілетін шарттың өзгеруі немесе ақша ағындарының өзгеруі нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне баламалы болатын құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі ретінде қарастырылуы тиіс;
- хеджирлеу ара қатынастарының анықтамасына және хеджирлеу ара қатынастарын тоқтатпастан хеджирлеу жөніндегі құжаттамаға IBOR реформасымен талап етілетін өзгерістерді енгізуге жол беріледі;
- ұйымдарға тәуекелсіз мөлшерлемесі бар құрал ұйымның қарауына қарай хеджирлеу ара қатынастары шеңберінде тәуекелі бар құрамдас ретінде айқындалған жағдайларда бөлек сәйкестендірілетін құрамдастарға қатысты талаптарды сақтау қажеттілігінен уақытша босату беріледі.

Мұндай түзетулер Компанияның аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді. Компания, егер бұл қажет болса, келешек кезеңдерде практикалық сипаттағы жеңілдіктерді қолдануға ниетті.

#### Операциялық орта

Қазақстан Республикасының экономикасы дамып жатқан нарықтарға тән болатын кейбір ерекшеліктерді танытуын жалғастыруда. Әсіресе ол мұнай мен газ бағасының және ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын басқа да минералды шикізат бағасының құбылуына сезімтал келеді. Бұл ерекшеліктерге елден тыс жерлерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы және бағалы қағаздар нарығы өтімділігінің төмен деңгейі жатады, бірақ олармен шектелмейді.

Айырбас бағамының волатильділігі, өтімділіктің төмендеуін және халықаралық қаржыландыруды тартуда қиындықтардың пайда болуын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсерін көрсетті және көрсетуін жалғастыра алады.

Басшылық ағымдағы жағдайларда Қор қызметінің тұрақтылығы мен өсімін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қолға алып отырғанына сенімді. Келешек экономикалық ахуал мен нормативтік-құқықтық орта басшылықтың қазіргі үміттерінен ерекшелене алады.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

### 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

#### COVID-19 (коронавирус) пандемиясының ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай

COVID-19 ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде ескерілді. Қор бұл аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде қызметтің үздіксіздігі қағидатын ұстануды жалғастырды.

Қордың маңызды есепті бағалаулары мен пайымдаулары 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жеке қаржылық есептілікте ашылып көрсетілген. 2021 жылғы 30 маусымға, Қор 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жеке қаржылық есептілікте қолданылған және ашылып көрсетілген бағалаулар мен пайымдаулар қолданыста қалады деген тұжырымға келді. Ешқандай жаңа елеулі бухгалтерлік пайымдаулар немесе бағалаулар анықталмады.

#### *Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы*

Қор әрбір есепті күнге еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың баланстық құнының құнсыздану индикаторларының болуын тексереді. Егер мұндай индикаторлар болса, активтердің өтелетін құны бағаланады және активтердің баланстық құнымен салыстырылады. Егер баланстық құн активтердің өтелетін құнынан асатын болса, құнсыздану мойындалады. Өтелетін құн қос мәннің ең үлкені ретінде айқындалады: өткізуге шығатын шығыстарды және пайдалану құндылығын шегере отырып активтердің әділ құны. Пайдаланудан болған құндылықты бағалау кезінде, есепті келешек ақша ағындары ақшаның және активтерге тән тәуекелдердің уақытша құнының Қор Басшылығының пікірінше ағымдағы нарықтық бағалауын көрсететін капиталдың орташа алынған құнының базасында есептелген (WACC) салық салынғанға дейінгі дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Бағаланған өтелетін құндағы өзгеріс қосымша құнсыздануға немесе оның келешек кезеңдерде қалпына келтірілуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

#### *«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-на (бұдан әрі – «ҚТЖ») салынған инвестициялардың құнсыздануы*

Активтердің құнсыздану белгілері болуының айқындалуы теміржол индустриясының күтілетін өсіміндегі өзгеріс, болжамды ақша ағындары, келешекте қаржыландырудың қолжетімділігінің өзгеруі; технологиялық ескіру, қызметтерді көрсетудің тоқтатылуы, орнын ауыстыруға ағымдағы шығындар және талаптардың басқа да өзгерістері сияқты көптеген факторларға негізделеді.

ҚТЖ-ға салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. ҚТЖ-ға салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды.

Ақша ағындарын бағалауға көптеген субъективті факторлар қосылған, оның ішінде ең үздік қолжетімді дәлелдерді пайдалана отырып, операциялық және қаржылық.

Тест кезінде пайдаланылған операциялық жорамалдар тасымалдаудың барынша ықтимал көлемдерін, оның ішінде сұраныстың жоспарланған көлемінің және транзиттік қатынаста жүк тасымалы өсімінің тарихи серпінділігінің негізінде, стратегиялық мақсаттарға қолжеткізу құралы болып табылатын ҚТЖ-ның бекітілген бизнес-жоспарының негізінде транзит көлемін көрсетеді.

Қаржылық жорамалдарға тарифтердің болжамды деңгейімен және өсуімен, ұсынылатын жеңілдіктермен, сондай-ақ теңгенің швейцария франкісіне қатысты болжамды бағамымен байланысты едәуір бағалаулар жатады. Есептеулерде пайдаланылған шешуші ұзақ мерзімді жорамалдар 3,09% өсімнің жыл сайынғы үрдісі мен 10,35% мөлшеріндегі дисконттау мөлшерлемесі қолданылды.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қордың инвестицияларын пайдалану құндылығын есептеудің негізінде құнсыздану анықталған жоқ. Бұл ретте пайдалану құндылығының есебі келесі жорамалдарға сезімтал келеді:

- транзиттік ара қатынаста жүк тасымалының көлемдеріне;
- кірістілік мөлшерлемесі, оған қоса тарифтердің өсуі, тасымалданатын жүк түрлері, жүк тасымалдауының қашықтығы; және
- дисконттау мөлшерлемесіне (WACC).

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

### 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

#### COVID-19 (коронавирус) пандемиясының ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай (жалғасы)

##### *Енішлес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)*

*«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-на (бұдан әрі – «ҚТЖ») салынған инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)*

Қор сезімталдылықты талдап, қалған жеке және өзгермейтін параметрлердегі шешуші жорамалдардағы өзгерістер кезінде құнсыздану болмайды:

- *транзиттік қатынаста жүк тасымалының көлемдері* – таяу арадағы 5 жылда жоспарлы көлеммен салыстырғанда көлемнің 0,19%-ға төмендеуі;
- *дисконттау мөлшерлемесі (WACC)* – дисконттау мөлшерлемесінің 10,35%-дан 10,43%-ға дейін ұлғаюы.

Дегенмен, жоғарыда аталған шешуші жорамалдардың әрқайсысы едәуір өзгерген кезде немесе бірнеше фактордың бірізгі негізінде негативті ықпалы кезінде, Қор инвестицияларының баланстық құны олардың өтелетін құнынан жоғары болып қалуы мүмкін, бұл құнсыздануды келешекте мойындау қажеттілігіне әкеп соқтыра алады.

##### *«АстанаГазКМГ» АҚ-на (бұдан әрі – «АстанаГаз») салынған инвестициялардың құнсыздануы*

АстанаГаз-ға салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. АстанаГаз-ға салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды. Пайдалану құндылығы «Сарыарқа» магистралды газ құбырының терминалды құнының (пост болжамды кезеңде) келтірілген құны ретінде бағаланды. Терминалды құнның есептелуі «Сарыарқа» магистралды газ құбыры модельдеудің барлық кезеңінде, постболжамды кезеңді қоса, АстанаГаз-дың меншігінде болады деген жорамалдың негізінде қалыптастырылды, бұл компанияға оны АстанаГаз акционерлерін қанағаттандыратын талаптарда 2033 жылдан кейін, яғни жалдау төлемдері негізінен қарыздарға қызмет көрсетуге жұмсалатын кезеңнен кейін жалға беруді жалғастыруға мүмкіндік береді.

Есептеу кезінде 12,4% дисконттау мөлшерлемесі (WACC) пайдаланылды. Бұл талдаудың нәтижесінде 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздану анықталмады. WACC мөлшерлемесінің 1%-ға ұлғаюы Қор инвестицияларының баланстық құны олардың өтелетін құнынан жоғары болуына әкеп соқтыра алады, бұл құнсыздануды келешекте мойындау қажеттілігіне әкеп соқтыра алады.

##### *«Біріккен химиялық компания» ЖШС-не (бұдан әрі – «БХК») салынған инвестициялардың құнсыздануы*

БХК-ға салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. БХК-ға салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды. Егер инвестициялардың баланстық құны оның өтелетін құнынан асатын болса, инвестиция құнсызданған болып есептеледі және өтелетін сомаға дейін есептен шығарылады.

Қаржылық жорамалдарға полипропиленге бағалардың болжамды деңгейімен және өсуімен, сондай-ақ теңгенің АҚШ долларына қатысты болжамды бағамымен байланысты едәуір бағалаулар жатады. Есептеулерде пайдаланылған шешуші ұзақ мерзімді жорамалдар 2,1% өсімнің жыл сайынғы үрдісі мен 8,5% мөлшерінде АҚШ долларында дисконттау мөлшерлемесі қолданылды.

Инвестицияның өтелетін құнын бағалаудың нәтижесінде 2021 жылғы 30 маусымға құнсыздану анықталмады. Бұл ретте пайдалану құндылығының есебі келесі жорамалдарға сезімтал келеді:

- полипропиленді өткізу көлемдері;
- АҚШ долларының бағамы;
- дисконттау мөлшерлемесіне (WACC).

БХК жобаларының көпшілігі бастапқы сатыда және жоба әрі жобалар экономикасының кезеңдеріндегі кідірістер сияқты сыртқы және ішкі факторлардың өзгеруіне сезімтал келеді. Жоғарыда аталған факторлардың әрқайсысының келешектегі едәуір өзгерістері немесе бір мезгілде бірнеше фактордың теріс ықпалы мұндай өзгерістер орын алатын кезеңдерде құнсызданудан болатын едәуір залалдардың пайда болуына әкеп соқтыра алады.

### 3. ҚЫЗМЕТТІҢ МАУСЫМДЫ СИПАТЫ

Қор қызметі маусымдық сипатқа ие емес және маусымдық құбылуларға ұшырамайды.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****4. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

Келесі кестеде еншілес ұйымдарға салынған инвестициялар, олардың қызметі, тіркелген елі немесе Қордың еншілес ұйымдарының орналасқан жері, сондай-ақ Қордың бұл еншілес ұйымдардағы иелік ету үлесі көрсетілген:

Миллион теңгемен	Қызметінің түрі	Елі	Баланстық күн		Иелік ету үлесі	
			2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	Жүк және жолаушыларды теміржолмен тасымалдау	Қазақстан	1.494.701	1.490.915	100,00%	100,00%
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Мұнай мен газды барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау	Қазақстан	1.187.621	1.187.621	90,42%	90,42%
«Самұрық-Энерго» АҚ	Электр және жылу энергиясын өндіру	Қазақстан	456.033	456.033	100,00%	100,00%
«Біріккен химиялық компания» ЖШС	Химия саласындағы жобаларды әзірлеу және іске асыру	Қазақстан	508.734	427.843	100,00%	100,00%
«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	Қатты пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан	293.135	293.135	100,00%	100,00%
«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ («KEGOC» АҚ)	Электр қуатын тарату	Қазақстан	120.648	120.648	90,00% + 1	90,00% + 1
«Қазатоменеркесіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ	Уранды, сирек металдарды шығару және өндіру	Қазақстан	110.608	110.608	75,00%	75,00%
«Қазақтелеком» АҚ	Телекоммуникациялар қызметі	Қазақстан	93.212	93.212	52,03%	52,03%
«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	Инвестициялық қызмет	Қазақстан	68.517	67.341	100,00%	100,00%
«Қазпошта» АҚ	Почта және қаржылық қызмет	Қазақстан	42.902	42.663	100,00%	100,00%
«Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұрын – «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ)	Құрылысты және жылжымайтын мүлікті басқару	Қазақстан	31.849	31.849	100,00%	100,00%
«Qazaq Air» АҚ	Авиатасымалдаулар	Қазақстан	8.180	8.162	100,00%	100,00%
«Эйр Астана» АҚ	Авиатасымалдаулар	Қазақстан	7.276	7.276	51,00%	51,00%
«Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС	Трансформацияны іске асыру бойынша ақпараттық және сервистік қызметтер	Қазақстан	2.606	2.606	100,00%	100,00%
«Қазақстан атом электр станциялары» АҚ	Атом электр станцияларын салу жобаларын іске асыру	Қазақстан	1.030	1.030	100,00%	100,00%
«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС	Сатып алу жобаларын басқару	Қазақстан	21	1.285	100,00%	100,00%
«КОРЭМ» АҚ	Электр қуаты нарығының операторы	Қазақстан	–	–	–	100,00%
			<b>4.427.073</b>	<b>4.342.227</b>		

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР  
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****4. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)****Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардағы өзгерістер**

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда еншілес ұйымдарға салынған инвестицияларда келесідей өзгерістер болды:

- 2021 жылғы бірінші жарты жылдықта Қор баланстық құны 3.786 миллион теңгені құраған мүліктік салым күйінде «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның жарғылық капиталына салым салды.
- «БХК»-ға инвестициялар сомасы 80.891 миллион теңге мөлшеріндегі жалпы сомаға негізінен 70.033 миллион теңге мөлшеріндегі ақша жарнасы күйінде жарғылық капиталға салым есебінен, оның ішінде Ұлттық қор қаражатының есебінен 53.345 миллион теңге және өз қаражатының есебінен 16.688 миллион теңге сомаға ұлғайды. Сондай-ақ Қор «БХК»-ға нарықтағыдан төмен пайыздық мөлшерлеменен 1.161 миллион теңге мөлшеріндегі жалпы сомаға екі қосымша транш берді, осы қарызды беру күніндегі әділ құн мен оның номиналды құны арасындағы айырмашылық ретінде есептелген 73 миллион теңге мөлшеріндегі дисконт инвестицияларды ұлғайту ретінде танылды (*б-ескертпе*). Кезең ішінде Қор «БХК»-тің Қытайдың Даму Банкінен алынған қарыз бойынша қосымша транштарды алумен байланысты 10.785 миллион теңге мөлшерінде берілген қаржылық кепілдік бойынша қосымша міндеттемелерді мойындады.
- 2021 жылғы 15 қаңтарда Қор «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС еншілес ұйымға нарықтағыдан төмен пайыздық мөлшерлеменен 4.195 миллион теңге мөлшеріндегі жалпы сомаға облигациялық қарыз берді, осы қарызды беру күніндегі әділ құн мен оның номиналды құны арасындағы айырмашылық ретінде есептелген 1.176 миллион теңге мөлшеріндегі дисконт инвестицияларды ұлғайту ретінде танылды.
- Қор 2021 жылғы 6 мамырда «Қазпошта» АҚ-ның жарғылық капиталына ақшалай салым күйінде 4.239 миллион теңге мөлшерінде салым салды.
- 2021 жылғы 11 мамырда Қор 2021 жылы «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС-тің жарғылық капиталының мөлшерін 1.264 миллион теңге мөлшеріндегі сомаға азайту шешімін қабылдады, азайтылған сома дебиторлық берешектің құрамында танылды, әрі ол 2021 жылғы 30 маусымда Қор есебіне ақша қаражатын аудару арқылы өтелді.
- Қор «Qazaq Air» АҚ-ға нарықтағыдан төмен пайыздық мөлшерлеменен 499 миллион теңге мөлшеріндегі жалпы сомаға қарыз бойынша қосымша транштар берді, осы қарызды беру күніндегі әділ құн мен оның номиналды құны арасындағы айырмашылық ретінде есептелген 18 миллион теңге мөлшеріндегі дисконт инвестицияларды ұлғайту ретінде танылды (*б-ескертпе*).

2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда, Қор IPO арқылы Қазатомөнеркәсіп акцияларының 6,28% «Астана» Халықаралық қаржы орталығының биржасында, сондай-ақ Лондон биржасында сатты. Мәміленің нәтижесінде Қор 9.271 миллион теңге мөлшерінде еншілес ұйымға салынған инвестициялардың есептен шығарылуын, комиссиялық шығыстарды шегере отырып, еншілес компаниядағы 75.299 миллион теңге мөлшеріндегі үлестің есептен шығарылуынан түскен кірісті жиынтық кіріс туралы жеке есепте таныды. Алынған қаражаттың жалпы сомасы 83.944 миллион теңге болды.

**5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

Бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар былайша берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)</b>
<b>Бірлескен кәсіпорындар</b>		
«KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК	<b>1.494.941</b>	1.494.941
«АстанаГазҚМГ» АҚ	<b>43.695</b>	43.695
«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	<b>16.390</b>	16.390
Минусы: құнсыздану резерві	<b>(9.474)</b>	(9.474)
	<b>1.545.552</b>	1.545.552

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР  
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)**

Бірлескен кәсіпорындардың қызметі, олардың орналасқан жерінің елі және Қордың үлесі былайша берілген:

Компания	Қызметінің түрі	Елі	Иелік ету үлесі	
			2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
<b>Бірлескен кәсіпорын</b>				
«KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК	Мұнай-газ саласы	Нидерландтар	50,00%	50,00%
«АстанаГазКМГ» АҚ	Газды тасымалдау	Қазақстан	50,00%	50,00%
«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	Электр және жылу энергиясын өндіру және өткізу	Қазақстан	50,00%	50,00%

**6. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛДАУ БОЙЫНША БЕРЕШЕК**

Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешекке мыналар кірді:

Миллион теңгемен	2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілмеген)
<b>Еншілес ұйымдарға берілген қарыздар</b>	<b>381.774</b>	<b>383.927</b>
- «Самұрық-Энерго» АҚ	88.913	89.517
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ	73.731	79.921
- «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	83.709	83.558
- «Qazaq Air» АҚ	66.943	63.963
- «Біріккен химиялық компания» ЖШС	54.034	50.803
- Басқа	14.444	16.165
<b>Өзге ұйымдарға берілген қарыздар</b>	<b>15.685</b>	<b>15.841</b>
- «Досжан темір жолы» АҚ	6.834	7.047
- «Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ	5.274	5.220
- Басқа	3.577	3.574
<b>Еншілес ұйымдар шығарған облигациялар</b>	<b>256.633</b>	<b>245.127</b>
- «Қазақтелеком» АҚ	75.000	75.000
- «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	45.594	45.183
- «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	38.510	44.196
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ	11.700	-
- Басқа	85.829	80.748
<b>Өзге ұйымдар шығарған облигациялар</b>	<b>110.149</b>	<b>107.407</b>
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	66.033	63.431
- «Baiterek Venture Fund» АҚ	40.150	40.150
- Басқа	3.966	3.826
Алынуға жататын сыйақы	19.716	17.027
Минусы: күтілетін кредиттік шығын резерві	(43.817)	(42.144)
<b>Берілген қарыздардың жалпы сомасы, нетто</b>	<b>740.140</b>	<b>727.185</b>
Қаржылық жалдау бойынша берешек	6.208	7.336
<b>Қарыздар мен қаржылық жалдау бойынша берешектің жалпы сомасы</b>	<b>746.348</b>	<b>734.521</b>
Минусы: қысқа мерзімді бөлік	(164.036)	(167.608)
<b>Ұзақ мерзімді бөлік</b>	<b>582.312</b>	<b>566.913</b>



## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

### 6. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛДАУ БОЙЫНША БЕРЕШЕК (жалғасы)

#### Еншілес ұйымдарға берілген қарыздар

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі – «СКС»)

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда СКС жалпы барлық қарыздар бойынша 6.191 миллион теңге (2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 20.286 миллион теңге) сомасына қарыздарды ішінара мерзімінен бұрын өтеді.

2021 жылғы 30 маусымға СКС-қа берілген барлық қарыздар бойынша негізгі борыш пен алынатын сыйақының баланстық құны 73.731 миллион теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 79.921 миллион теңге).

«БХК»

2017 жылғы 15 желтоқсанда Қор БХК-мен 9.100 миллион теңгеден аспайтын жалпы сомаға кредит шартын жасады, соған сәйкес 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор «Полимер продакшн» ЖШС-не әрбір траншты 2023 жылғы 31 желтоқсан мен 2032 жылғы 31 желтоқсанға дейін өтеу мерзімімен және 2023 жылғы 30 желтоқсан мен 2026 жылғы 1 қаңтарға дейінгі жеңілдік кезеңінің ішінде 0,1% белгіленген сыйақы мөлшерлемесімен қарызды одан әрі беру мақсатында 1.161 миллион теңге мөлшеріндегі жалпы сомаға қосымша екі траншты берді.

Бастапқы тану кезінде қарыз сыйақының тиісті нарықтық мөлшерлемелерін пайдалана отырып, 1.088 миллион теңгеге тең әділ құны бойынша танылды. Тану күніндегі қарыздың номиналды құны мен әділ құны арасындағы 73 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық еншілес ұйымдағы инвестициялардың ұлғаюы ретінде танылды (4-ескерпне).

2021 жылғы 30 маусымға БХК-ға берілген барлық қарыздар бойынша негізгі борыш пен алынатын сыйақының баланстық құны 54.043 миллион теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 50.838 миллион теңге).

«Qazaq Air» АҚ

2017 жылғы 29 наурызда Қор және «Qazaq Air» АҚ қарыз шартын жасады, соған сәйкес 2021 жылғы бірінші жарты жылдықта Қор қарызды 2030 жылғы 31 желтоқсанға дейін өтеу мерзімімен және 0,01% сыйақы мөлшерлемесімен 1.700 миллион теңге мөлшеріндегі жалпы сомаға қосымша транштар берді. Қарыздың мақсаты – айналым капиталын қаржыландыру, оған қоса операциялық жалдауды қамтамасыз ету және әуе кемелерін инженерлік-техникалық сүйемелдеуді қолдау, әуе сақтандыруы және ұшатын персоналды жалдау бойынша шығыстарды төлеу.

2017 жылғы 24 қазанда Қор «Qazaq Air» АҚ-мен қарыз шартын жасады, соған сәйкес 2020 жылғы бірінші жарты жылдықта Қор 2034 жылғы 24 қазанға дейін өтеу мерзімімен және 2,5% сыйақы мөлшерлемесімен 499 миллион теңге мөлшерінде қосымша транштар берді. Қарыздың мақсаты – үш жаңа әуе кемесін сатып алу. Қаржыландыру Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражатының есебінен жүзеге асырылды. Бастапқы тану кезінде осы қарыз сыйақының тиісті нарықтық мөлшерлемелерін пайдалана отырып, 481 миллион теңгені құрайтын әділ құнмен бағаланды. Тану күніндегі қарыздың номиналды құны мен әділ құны арасындағы 18 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық еншілес ұйымдағы инвестициялардың ұлғаюы ретінде танылды (4-ескерпне).

2021 жылғы 30 маусымға «Qazaq Air» АҚ-на берілген барлық қарыздар бойынша негізгі борыш пен алынатын сыйақының баланстық құны 66.955 миллион теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 63.972 миллион теңге).

#### Еншілес ұйымдар шығарған облигациялар

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі – «СКС»)

2021 жылғы бірінші жарты жылдықта Қор мен СКС облигацияларды сатып алу-сату шартын жасады, соған сәйкес Қор 2021 жылғы 15 наурызда қарызды 2022 жылғы 10 желтоқсанға дейін өтеу мерзімімен және 8% сыйақы мөлшерлемесімен 2 миллиард Ресей рублі мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 11.500 миллион теңге) облигацияларды сатып алды. Мақсаты – инвестициялық жобаларды қаржыландыру.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**  
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**6. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛДАУ БОЙЫНША БЕРЕШЕК (жалғасы)****Еншілес ұйымдар шығарған облигациялар (жалғасы)***«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (бұдан әрі – «АМӨЗ»)*

2021 жылғы 15 қаңтарда АМӨЗ негізгі борышты өтеу кестесіне сәйкес 6.287 миллион теңге мөлшерінде қарызды ішінара өтеді.

2021 жылғы 30 маусымда негізгі борыш пен сыйақының жалпы баланстық құны 39.380 миллион теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 45.192 миллион теңге).

**7. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ**

Кредиттік мекемелердегі қаражатқа мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)</b>
10 ірі жергілікті банк	<b>394.245</b>	393.172
Басқа да жергілікті кредиттік мекемелер	<b>30.114</b>	47.576
Есептелген сыйақы	<b>11.200</b>	2.371
Минусы: күтілетін кредит шығындарына резерв	<b>(7.691)</b>	(7.425)
<b>Кредиттік мекемелердегі қаражаттың жалпы сомасы</b>	<b>427.868</b>	435.694
Минусы: қысқа мерзімді бөлік	<b>(28.343)</b>	(36.473)
<b>Ұзақ мерзімді бөлік</b>	<b>399.525</b>	399.221

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)</b>
BBB-(Baa3)-дан BB-(Ba3)-ға дейін рейтинг	<b>80.005</b>	104.774
B+(B1)-дан B-(B3)-ға дейін рейтинг	<b>355.554</b>	338.345
Минусы: күтілетін кредит шығындарына резерв	<b>(7.691)</b>	(7.425)
	<b>427.868</b>	435.694

Кредиттік мекемелердегі қаражат келесі валюталарда білдірілді:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)</b>
Теңгемен берілген кредиттік мекемелердегі қаражат	<b>427.782</b>	435.610
АҚШ долларымен берілген кредиттік мекемелердегі қаражат	<b>86</b>	84
	<b>427.868</b>	435.694

Негізінен, кредиттік мекемелердегі қаражат Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктерге және басқа да қаржы ұйымдарына орналастырылған қаражатты (нысаналы қарыздар), сондай-ақ уақытша бос ақша қаражатын басқару саясаты шеңберінде орналастырылған банк депозиттерін білдіреді.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**  
**(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****7. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ (жалғасы)**

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)</b>
Екінші деңгейдегі банктердегі облигациялық қарыздар	<b>338.962</b>	320.817
Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында кредит мекемелердегі қаражат	<b>96.511</b>	122.218
Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясатының шеңберінде орналастырылған банк депозиттері	<b>86</b>	84
Минусы: күтілетін кредит шығындарына резерв	<b>(7.691)</b>	(7.425)
<b>Кредиттік мекемелердегі қаражаттың жалпы сомасы</b>	<b>427.868</b>	435.694
Минусы: қысқа мерзімді бөлік	<b>(28.343)</b>	(36.473)
<b>Ұзақ мерзімді бөлік</b>	<b>399.525</b>	399.221

**Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктер мен басқа да қаржы ұйымдарында орналастырылған қаражат (нысаналы қарыздар)**

2021 жылғы 30 маусымға негізінен, Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктерге және басқа да қаржы ұйымдарына орналастырылған қаражат мынадай қаржы ұйымдары мен банктерге теңгемен берілген қарыздар мен банк салымдары көрсетілген:

- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 19.416 миллион теңге сомаға (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 19.416 миллион теңге) шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру мақсаттары үшін. Бұл қарыз бойынша номиналды пайыздық мөлшерлеме жылдық 5,5% құрайды.
- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаржылық лизингті қорландыру құнын азайту, қазақстандық локомотивтер экспортын ынталандыру және экономиканың басым салаларындағы инвестициялық жобаларға кредит беру мөлшерлемесін азайту мақсаттары үшін тиісінше 5.834 миллион теңге, 2.636 миллион теңге және 2.010 миллион теңге мөлшерінде (2020 жылғы 31 желтоқсанға: тиісінше 21.200 миллион теңге, 4.446 миллион теңге және 2.270 миллион теңге). Бұл қарыздар бойынша номиналды пайыздық мөлшерлемелер жылдық 0,2%-дан бастап 0,6%-ға дейін құрайды.
- Екінші деңгейдегі банктерге ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға және студенттерге, Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында тұрғын үй объектілерін салуға кредит беруге және аралық тұрғын үй қарыздарын беруге тиісінше 54.792 миллион теңге, 1.771 миллион теңге және 10.052 миллион теңге мөлшерінде (2020 жылғы 31 желтоқсанға: тиісінше 58.258 миллион теңге, 1.771 миллион теңге және 14.857 миллион теңге) қарыз берілген. Бұл қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер жылдық 1%-дан бастап 7,28%-ға дейін құрайды.

**Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясатының шеңберінде орналастырылған банк депозиттері**

Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясатының шеңберінде Қор қазақстандық екінші деңгейдегі банктерде депозиттерді орналастырады. 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша доллармен қысқа мерзімді банк депозиттері бойынша мөлшерлеме жылдық 1,75% (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 1,75%) болды, теңгемен депозиттер болмады. 2021 жылғы 30 маусымға және 2020 жылғы 31 желтоқсанға Қордың ұзақ мерзімді банк депозиттері болмады.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**  
**(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****8. ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР**

Өзге де ұзақ мерзімді активтерге мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген)</b>
Беруге арналған мүлік	24.611	24.611
SAP лицензиялары	10.670	12.927
Жер учаскесі	-	4.728
Жер учаскесінің сатылуы үшін SKC ұзақ мерзімді берешегі	2.086	-
Басқа	232	294
Минусы: SAP лицензиялары бойынша құнсыздану резерві	(10.080)	(10.079)
	<b>27.519</b>	<b>32.481</b>

2021 жылғы 5 мамырда Қор мен SKC сатып алу-сату шартын жасады, соған сәйкес Қор 2021 жылғы 12 мамырда SKC еншілес ұйымының пайдасына 5.154 миллион теңге мөлшерінде нарықтық құны бойынша жер учаскесін сатты, берілу кезінде 426 миллион теңге мөлшеріндегі кіріс жиынтық кіріс туралы есептің құрамында танылды.

Шарт талаптарына сәйкес SKC 1.350 миллион теңге мөлшерінде алғашқы төлем жасады, екінші траншты 2022 жылғы 1 сәуірде және үшінші траншты 2023 жылғы 1 наурызда жасау жоспарланған, тиісінше, Қор қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді дебиторлық берешекті таныды.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша SKC-тің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі 2023 жылғы 1 наурызға дейін өтеу мерзімімен жер учаскесін сатқаны үшін 2.086 миллион теңгені құрады.

**9. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР**

Өзге де қысқа мерзімді активтерге мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген)</b>
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты	18.437	18.447
Алынуға жататын дивидендтер:	113.581	-
«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ	112.561	-
SKC	1.020	-
Басқа да дебиторлық борыш	6.917	13.302
Басқа	11.386	11.322
Минусы: күтілетін кредит шығындарына резерв	(28.523)	(28.533)
	<b>121.798</b>	<b>14.538</b>

2021 жылғы сәуірде Қор 112.561 миллион теңге мөлшерінде дивидендтер бойынша дебиторлық берешекті таныды, ол 2021 жылғы 15 шілдеде өтелді.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**  
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**10. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ**

Ақша қаражаты және оның баламаларына мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)</b>
Екінші деңгейдегі банктердегі мерзімді депозиттер, доллармен	<b>171.998</b>	168.791
Екінші деңгейдегі банктердегі мерзімді депозиттер, теңгемен	<b>87.111</b>	45.271
Банктердегі ағымдағы шоттар, АҚШ долларында	<b>64.405</b>	67.437
Банктердегі ағымдағы шоттар, теңгемен	<b>24.647</b>	62.740
Қазынашылық бағалы қағаздар, теңгемен	<b>42.093</b>	-
Банктерде ағымдағы шоттар, өзге шетел валюталарында	<b>67</b>	58
Минусы: күтілетін кредит шығындарына резерв	<b>(48)</b>	(5)
	<b>390.273</b>	344.292

Қор әртараптандыру шеңберінде бос өтімділіктің бір бөлігін ақша нарығының құралдарына, атап айтқанда МБҚ (мемлекеттік бағалы қағаздар) кепіліне авто РЕПО-ға және 3 айға дейін орналастыру мерзімімен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарына орналастырудың жалғастырды.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ағымдағы шоттар бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 0,18% (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 0,14%), екінші деңгейдегі банктердегі мерзімді депозиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме жылдық 8,6% (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 8,52%) болды, екінші деңгейдегі банктерде доллармен мерзімді депозиттер бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме жылдық 0,48% (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 0,49%) болды.

**11. КАПИТАЛ****Жарғылық капитал**

<b>Акцияларға ақы төлеу</b>	<b>Шығаруға рұқсат етілген және шығарылған акциялардың саны</b>	<b>Жарғылық капитал, миллион теңгемен</b>
2020 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)	3.481.960.408	5.258.657
<b>2021 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>3.481.960.408</b>	<b>5.258.657</b>

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда акциялар тіркелген жоқ.

**Акцияның баланстық құны**

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілігі ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күні бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректерді қамтуы тиіс.

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)</b>
<b>Активтердің жиыны</b>	<b>7.705.881</b>	7.470.291
Минусы: материалдық емес активтер	<b>(802)</b>	(850)
Минусы: міндеттемелер жиыны	<b>(1.738.216)</b>	(1.693.617)
<b>Жай акциялар үшін таза активтер</b>	<b>5.966.863</b>	5.775.824
Жай акциялардың саны	<b>3.481.960.408</b>	3.481.960.408
<b>Бір жай акцияның баланстық құны (теңге)</b>	<b>1.714</b>	1.659

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**  
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**12. ҚАРЫЗДАР**

Қарыздарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)</b>
<b>Алынған қарыздар</b>	<b>810.617</b>	<b>745.353</b>
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	<b>415.704</b>	380.435
Токуо-Mitshubishi UFJ, LTD Банкі	<b>193.095</b>	252.455
Банк «ВТБ» АҚ	<b>79.701</b>	76.384
«Сбербанк» АҚ	<b>31.958</b>	-
«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	<b>17.584</b>	18.442
«First Heartland Jusan» АҚ	<b>17.116</b>	-
«Халық Банкі» АҚ	<b>17.116</b>	-
«АТФ Банк» АҚ	<b>16.907</b>	17.637
Қытай Банкі ЕБ	<b>10.727</b>	-
«Қытайдың Сауда-өнеркәсіптік Банкі» АҚ	<b>10.709</b>	-
<b>Шығарылған және басқа да ұйымдар сатып алған облигациялар</b>	<b>209.654</b>	<b>206.742</b>
<b>Шығарылған және еншілес ұйымдар сатып алған облигациялар</b>	<b>49.026</b>	<b>47.571</b>
«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ («КЕГОК»)	<b>31.175</b>	30.254
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	<b>17.851</b>	17.317
<b>Қарыздардың жалпы сомасы</b>	<b>1.069.297</b>	<b>999.666</b>
12 ай бойы өтеуге жататын соманы шегергенде	<b>(157.625)</b>	<b>(151.789)</b>
<b>12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар</b>	<b>911.672</b>	<b>847.877</b>

Қарыздар келесі валюталарда білдірілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)</b>
Теңгемен көрсетілген қарыздар	<b>707.675</b>	670.828
АҚШ долларында берілген қарыздар	<b>257.419</b>	252.430
Ресей рублімен көрсетілген қарыздар	<b>104.203</b>	76.408
	<b>1.069.297</b>	<b>999.666</b>

**Алынған қарыздар**

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-нан пайызсыз қарыз

2021 жылғы бірінші жартыжылдықта Қор «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-нан 21.442 миллион теңге мөлшерінде қосымша транштар алды, әрі олар Қордың купондық облигациялар бойынша міндеттемелерін өтеуге бағытталды. 2.975 миллион теңге мөлшерінде транштардың берілу күнгі қарыздың номиналды құны мен әділ құны арасындағы айырма жиынтық кіріс туралы жеке есепте қаржылық кіріс ретінде танылды (19-ескерпне).

2021 жылғы 30 маусымда негізгі борыштың жалпы баланстық сомасы 55.838 миллион теңге мөлшеріндегі дисконтты шегере отырып 415.426 миллион теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсан: 69.387 миллион теңге мөлшеріндегі дисконтты шегере отырып 380.435 миллион теңге).

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

### 12. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

#### Алынған қарыздар (жалғасы)

##### *Токуо-Mitshubishi UFJ, LTD Банкінің қарызы*

2018 жылғы 28 маусымда Қор Bank of Tokyo Mitsubishi UFJ, «Mizuho Bank», Ltd, «Sumitomo Mitsui Banking Corporation», «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ, «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-өнеркәсіптік банкі» АҚ мен «Citibank, N.A., Jersey Branch» – халықаралық және қазақстандық банктердің синдикатымен (бұдан әрі – «Синдикатталған қарыз») және Токуо-Mitshubishi UFJ, LTD Банкімен 600 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (мәмілені жасау күнгі бағам бойынша баламасы 204.786 миллион теңге) қарыз келісімін жасады. Қарыз 1,4% + 3-айлық Libor жылдық мөлшерлемесімен 2021 жылғы 30 сәуірге дейінгі жеңілдікті кезеңмен 2022 жылғы 30 қазанға дейінгі мерзімге берілді.

2021 жылғы сәуірде Қор қарызды өтеу кестесіне сай 150 млн доллар мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 64.360 миллион теңге мөлшерінде) негізгі борышты өтеді.

2021 жылғы 30 маусымда негізгі борыш пен төленетін сыйақының жалпы сомасы 192.551 миллион теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсан: 252.558 миллион теңге).

##### *Сбербанктің қарызы*

2021 жылғы 28 қаңтарда Қор мен Сбербанк банктік қарыз шартын жасады, соған сәйкес қарыз 4 миллиард ресей рублі жалпы сомаға (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 22.620 миллион теңге) екі траншпен алынды. Қарыз 2024 жылғы 26 қаңтарға дейін және Ресей Федерациясының Орталық банкінің шешуші мөлшерлемесіне тең болатын сыйақы мөлшерлемесімен және жылдық 1,8% мөлшерінде пайыздық спрэдтің тіркелген мөлшерлемесімен берілді. Мақсаты – Қордың айналым қаражатын толықтыру.

2021 жылғы 26 сәуірде Қор мен Сбербанк банктік қарыз шартын жасады, соған сәйкес қарыз 20 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 8.588 миллион теңге) алынды. Қарыз 2024 жылғы 26 сәуірге дейін және 3-айлық Libor + тең болатын сыйақы мөлшерлемесімен және жылдық 1,39% мөлшерінде пайыздық спрэдтің тіркелген мөлшерлемесімен берілді. Мақсаты – Синдикатталған қарыздың ішінара жоспарлы өтелуін қайта қаржыландыру.

2021 жылғы 30 маусымға негізгі борыштың жалпы сомасы 31.958 миллион теңгені құрады.

##### *«Қытайдың Сауда-өнеркәсіптік Банкі» АҚ-нан қарыз*

2021 жылғы 5 мамырда Қор мен «Қытайдың Сауда-өнеркәсіптік Банкі» АҚ банктік қарыз шартын жасады, соған сәйкес қарыз 25 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 10.671 миллион теңге) алынды. Қарыз 2024 жылғы 4 мамырға дейін және 3-айлық Libor + тең болатын сыйақы мөлшерлемесімен және жылдық 1,3% мөлшерінде пайыздық спрэдтің тіркелген мөлшерлемесімен берілді. Мақсаты – Синдикатталған қарыздың ішінара жоспарлы өтелуін қайта қаржыландыру.

2021 жылғы 30 маусымға негізгі борыштың жалпы сомасы 10.697 миллион теңгені құрады.

##### *First Heartland Jusan АҚ-нан қарыз*

2021 жылғы 27 сәуірде Қор мен First Heartland Jusan АҚ банктік қарыз шартын жасады, соған сәйкес қарыз 40 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға (мәміле күнгі бағам бойынша баламасы 17.177 миллион теңге) алынды. Қарыз 2024 жылғы 27 сәуірге дейін және 3-айлық Libor + тең болатын сыйақы мөлшерлемесімен және жылдық 1,39% мөлшерінде пайыздық спрэдтің тіркелген мөлшерлемесімен берілді. Мақсаты – Синдикатталған қарыздың ішінара жоспарлы өтелуін қайта қаржыландыру.

2021 жылғы 30 маусымға негізгі борыштың жалпы сомасы 17.116 миллион теңгені құрады.

##### *Халық Банкі АҚ-нан қарыз*

2021 жылғы 26 сәуірде Қор мен Халық Банкі АҚ банктік қарыз шартын жасады, соған сәйкес қарыз 40 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 17.177 миллион теңге) алынды. Қарыз 2024 жылғы 26 сәуірге дейін және 3-айлық Libor + тең болатын сыйақы мөлшерлемесімен және жылдық 1,3% мөлшерінде пайыздық спрэдтің тіркелген мөлшерлемесімен берілді. Мақсаты – Синдикатталған қарыздың ішінара жоспарлы өтелуін қайта қаржыландыру. 2021 жылғы 30 маусымға негізгі борыштың жалпы сомасы 17.116 миллион теңгені құрады.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**  
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**12. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)**

## Алынған қарыздар (жалғасы)

*Қытай Банкі ЕБ-ден қарыз*

2021 жылғы 26 сәуірде Қор мен Қытай Банкі ЕБ банктік қарыз шартын жасады, соған сәйкес қарыз 25 миллион АҚШ доллары жалпы сомаға (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 10.736 миллион теңге) алынды. Қарыз 2024 жылғы 26 сәуірге дейін және 3-айлық Libor + тең болатын сыйақы мөлшерлемесімен және жылдық 1,41% мөлшерінде пайыздық спрэдтің тіркелген мөлшерлемесімен берілді. Мақсаты – Синдикатталған қарыздың ішінара жоспарлы өтелуін қайта қаржыландыру.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша негізгі борыштың жалпы сомасы 10.697 миллион теңгені құрады.

**13. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАРЫЗДАРЫ**

Үкіметтің қаражатына мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Ұлттық қордың активтері есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар	<b>551.032</b>	541.753
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған басқа да қарыздар	<b>29.533</b>	51.468
<b>Қазақстан Республикасы Үкіметі қарыздарының жалпы сомасы</b>	<b>580.565</b>	593.221
Минусы: ағымдағы бөлік	<b>(13.411)</b>	(30.773)
<b>Ұзақ мерзімді бөлік</b>	<b>567.154</b>	562.448

**14. ӨЗГЕ ДЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

Өзге де міндеттемелерге мыналар жатады:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусым</b>	2020 жылғы 31 желтоқсан
Түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелер	<b>36.297</b>	54.027
Нұр-Сұлтан қаласында 200 орынды Ұлттық шұғыл медицина үйлестіру орталығын және Алматы қаласында 350 орынды Ұлттық инфекциялық аурулар ғылыми орталығын салу	<b>32.004</b>	50.004
Назарбаев Университеті	<b>4.243</b>	3.973
Өзге де әлеуметтік жобалар	<b>50</b>	50
Өзге де міндеттемелер	<b>2.289</b>	3.276
<b>Өзге де ағымдағы міндеттемелердің жалпы сомасы</b>	<b>38.586</b>	57.303

**Түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелер**

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда, Акционердің өкімдеріне сәйкес, Қор 29.585 миллион теңге (2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 15.648 миллион теңге) жалпы сомаға түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелерді мойындады. Міндеттемелердің танылуы Акционерге басқа да бөлу ретінде ескерілді.

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда іс жүзінде аударылған қаражат 47.649 миллион теңге (2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 19.998 миллион теңге) болды.



**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**  
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**15. ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР**

Пайыздық кірістерге мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>
Берілген қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	<b>19.875</b>	21.898
Облигациялар бойынша сыйақы	<b>19.493</b>	15.388
Қарыздар бойынша сыйақы	<b>6.037</b>	6.636
	<b>45.405</b>	43.922

**16. ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫСТАР**

Пайыздық шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>
Шығарылған облигациялар бойынша сыйақы	<b>20.747</b>	23.599
Қаржылық міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы	<b>11.482</b>	12.550
Алынған қарыздар бойынша сыйақы	<b>140</b>	79
	<b>32.369</b>	36.228

**17. ДИВИДЕНДТЕРДЕН ТҮСКЕН КІРІС**

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>
«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ	<b>112.561</b>	80.466
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	<b>45.212</b>	73.911
«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	<b>45.537</b>	30.254
«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ	<b>17.552</b>	11.433
«Қазақтелеком» АҚ	<b>9.642</b>	4.335
«Самұрық-Энерго» АҚ	<b>3.242</b>	3.066
Өзге де еншілес ұйымдар	<b>1.318</b>	273
	<b>235.064</b>	203.738

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор 120.096 миллион теңге мөлшерінде (2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 200.672 миллион теңге) дивидендтер алды.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**  
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**18. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАРЫ**

Жалпы және әкімшілік шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>
Демеушілік көмек және қайырымдылық	<b>4.991</b>	1.689
Жалақы бойынша шығыстар	<b>1.356</b>	1.061
Басқасы	<b>6.425</b>	6.373
	<b>12.772</b>	9.123

**Демеушілік көмек және қайырымдылық**

Қор жыл сайын өзінің Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес қайырымдылыққа нысаналы трансферттерді бөліп отырады. Қайырымдылыққа арналған нысаналы трансфертте «Самұрық-Қазына Trust» Корпоративтік қоры – бірегей Оператор арқылы іске асырылатын бірқатар жобаны қаржыландыру үшін берілді.

**Басқасы**

Басқа да шығыстарға басқа да әкімшілік шығыстар жатады, оның ішінде жалпы сомасы 171 миллион теңге (2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 136 миллион теңге) жалпы сомада басқару органының – Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақылары бойынша шығыстар, және 352 миллион теңге (2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 393 миллион теңге) жалпы сомада ведомстволық бағынысты ұйымдардың операциялық қызметін қамтамасыз ету үшін қаражат және Қордың операциялық қызметін қамтамасыз ету үшін өзге де әкімшілік шығыстар жатады.

**19. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР**

Қаржылық кірістерге мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>
Алынған қарыздар бойынша дисконт	<b>4.548</b>	6.246
Қаржылық кепілдіктер бойынша кірістер	<b>4.444</b>	2.186
Банк депозиттері бойынша сыйақы	<b>2.669</b>	3.912
Қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясы	<b>155</b>	260
Ағымдағы банк шоттары бойынша сыйақы	<b>88</b>	1.180
Басқасы	<b>164</b>	80
	<b>12.068</b>	13.864

**20. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР**

Қаржылық шығысқа мыналар жатады:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>
ҚМГ ҰК-ден алынған қарыз бойынша дисконт амортизациясы	<b>17.239</b>	13.386
Басқасы	<b>5.844</b>	4.768
	<b>23.083</b>	18.154

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**  
**(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****21. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР**

Табыс салығы бойынша шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>
Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	<b>1.258</b>	1.746
	<b>1.258</b>	1.746

**22. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР**

Келесі кестелерде байланысты тараптармен 2021 және 2020 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін жасалған мәмілелердің жалпы сомасы және 2021 жылғы 30 маусымдағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша операциялардың сальдосы көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Байланысты тараптардың берешегі</b>	<b>Байланысты тараптардың берешегі</b>	<b>Байланысты тараптарда орналастырылған ақша қаражаты мен депозиттер</b>	
Еншілес ұйымдар	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>738.904</b>	<b>481.488</b>	-
	2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	619.532	447.067	-
Қауымдасқан компаниялар және еншілес ұйымдардың бірлескен кәсіпорындары	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>5.555</b>	-	-
	2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	5.767	-	-
Мемлекет бақылайтын басқа да кәсіпорындар	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>155.544</b>	<b>651.560</b>	<b>24.595</b>
	2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	174.816	667.216	62.709

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша байланысты тараптардың берешегіне Қордың қызметті және өзінің еншілес ұйымдары мен басқа да байланысты тараптардың елеулі келісімшарттарын қаржыландыру үшін қаржы мекемелері берген кепілдіктер бойынша міндеттемелері кіреді.

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Дивидендтерден түскен кіріс</b>	<b>Байланысты тараптардан сатып алу</b>	<b>Байланысты тараптарға сатудан түскен кіріс</b>	<b>Байланысты тараптарға есептелген басқа кіріс</b>	
Еншілес ұйымдар	<b>2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>235.064</b>	<b>2.846</b>	<b>505</b>	-
	2020 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	203.738	1.668	185	-

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**  
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**22. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)**

<i>Миллион теңгемен</i>		Байланысты тараптарға есептелген сыйақы	Байланысты тараптарға есептелген сыйақы	Байланысты тараптарға есептелген қаржылық кірістер	Байланысты тараптарға есептелген қаржылық шығыстар
Еншілес ұйымдар	<b>2021 жылғы 30 маусым</b> (аудит жүргізілмеген)	20.507	2.724	4.548	16.524
	2020 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	24.491	2.065	7.348	13.386
Қауымдасқан компаниялар және еншілес ұйымдардың бірлескен кәсіпорындары	<b>2021 жылғы 30 маусым</b> (аудит жүргізілмеген)	252	-	-	-
	2020 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	267	-	-	-
Мемлекет бақылайтын басқа да кәсіпорындар	<b>2021 жылғы 30 маусым</b> (аудит жүргізілмеген)	4.481	22.767	31	-
	2020 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	4.361	26.602	712	-

Негізгі басқарушы персоналға төленген, қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы жеке есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған сыйақының жалпы сомасын 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін 262 миллион теңге (2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 197 миллион теңге) құрайды. Аталған сомаларға 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін 171 миллион теңге (2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 136 миллион теңге) жалпы сомада басқару органы – Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіз директорлардың сыйақысы кіреді.

**23. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ****Қаржы құралдарының әділ құны**

2021 жылғы 30 маусымдағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржы құралдарының (баланстық) ағымдағы құнын, төменде ашылып көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, олардың әділ құнына барынша жақын болып табылады:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл		2020 жыл	
	Ағымдағы құн	Әділ құн	Ағымдағы құн	Әділ құн
<b>Қаржы активтері</b>				
Кредиттік мекемелердегі қаражат (7-ескертпе)	427.868	403.638	435.694	417.961
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар (6-ескертпе)	746.348	685.541	734.521	674.432
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>				
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар алынған қарыздар/шығарылған облигациялар (12-ескертпе)	1.069.297	1.053.966	999.666	986.055
Қазақстан Республикасы Үкіметінің алынған қарыздары (13-ескертпе)	580.565	383.531	593.221	416.166
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер	49.768	46.122	43.427	33.105
Басқа да міндеттемелер	36.297	36.297	54.027	54.027

Жоғарыда көрсетілген қаржы құралдарының әділ құны иеленетін пайыздық мөлшерлемелер бойынша ақшалай қаражаттың күтілетін болашақтағы ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

### 24. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

#### Шартты міндеттемелер

Қор елеулі міндеттемелердің пайда болу ықтималдығының дәрежесін бағалайды және міндеттемелердің пайда болуына алып келетін оқиғалар болатын жеткілікті ықтималдық болған, ал тиісті міндеттемелердің сомасы дұрыс айқындалуы мүмкін жағдайда ғана өзінің аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігінде тиісті резервті көрсетеді. Бұл аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікте қандай да бір шартты міндеттемелер бойынша резерв құрылмады.

Қордың шарттық және шартты міндеттемелері 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілікте ашылып көрсетілген; 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде ешқандай жаңа елеулі шарттық міндеттемелер болмады.

#### Соттың істі қарауы

*Қорға тиесілі Kashagan B.V. акцияларының қамауға алынуына орай Қор шағымы бойынша Стати мырзаға және онымен байланысты тараптарға қарсы басталған сот ісі*

*Қордың Амстердам қаласы сотының 2018 жылғы 5 қаңтардағы шешіміне дау айту туралы талап арызы бойынша апелляциялық процесс, оған сәйкес Kashagan B.V. акцияларына шектеу сақталуы*

2017 жылғы 14 қыркүйекте Амстердам қ. соты шешімінің негізінде Қордың оған тиесілі құны 5,2 миллиард АҚШ доллары болатын КМГ Кашаган Б.В. акцияларының 50% қатысты құқықтарына бұл акцияларға билік ету бөлігінде шектеу (бұдан әрі – «шектеу») салынды.

Аталған шектеу Стокгольмнің Сауда Палатасының Арбитраждық Институтының жанында Арбитраждық трибунал 2013 жылы шығарған Қазақстан Республикасына қарсы Анатолий Статидің, Габриэль Статидің, Ascom Group SA және Terra Raf Trans Trading Ltd. Ісі бойынша арбитраждық шешімнің Нидерландтарда танылуы және орындалуы бойынша шағымды қамтамасыз ету шеңберінде салынды.

2020 жылғы 18 желтоқсанда Жоғарғы сот Амстердам қ. Апелляциялық сотының 2019 жылғы 7 мамырдағы қамауда ұстау туралы шешімінің күшін жойды және істі Гаага қаласының апелляциялық сотының қарауына жіберді.

Қазіргі уақытта Қор өз мүдделерін белгіленген тәртіппен қорғау бойынша барлық қажетті шараларды қолға алады және өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауын жалғастырады.

*Стати мырза соттан Қорды Қазақстан Республикасының бір бөлігі деп тануды және Қорды Төрелік шешімді орындауға міндеттеуді сұрайтын, 2017 жылғы 7 желтоқсанда берілген баптың талабы бойынша негізгі процесс*

2021 жылғы 17 наурызда Статидің 2017 жылғы 7 желтоқсанда берген шағымының Негізгі процесі бойынша тыңдаулар өтті, онда Стати сотты Қорды Қазақстан Республикасының бір бөлігі деп тануды және Қорды 2013 жылғы 19 желтоқсандағы Арбитраждық шешімді орындауын міндеттеуді сұрады.

2021 жылғы 28 сәуірде Амстердамның Округтік соты Қордың Негізгі процесі КМГ Kashagan B.V. акцияларын шектеуді шағымдану бойынша Гаагадағы Апелляциялық сотының шешіміне дейін кейінге қалдыра тұру өтінішін қанағаттандырды.

Қазіргі уақытта Қор өз мүдделерін белгіленген тәртіппен қорғау бойынша барлық қажетті шараларды қолға алады және өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауын жалғастырады.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**  
**(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**

---

**25. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР**

**Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардағы өзгерістер**

2021 жылғы 1 және 2 қыркүйекте Қор БХК-ның жарғылық капиталына 16.343 миллион теңге мөлшерінде, оның ішінде Республикалық бюджет қаражатының есебінен 9.923 миллион теңге және меншікті қаражаттың есебінен 6.343 миллион теңге мөлшерінде жарна жасады.

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары**

2021 жылғы 17 тамызда Қор 5.004 миллион теңге сомаға бюджет қарызын ішінара мерзімінен бұрын өтеді.

**Акционерге басқа да бөлу**

2021 жылғы 5 тамызда Акционер өкімінің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қор 4.731 миллион теңге жалпы сомаға түрлі әлеуметтік жобалардың қаржыландырылуын таныды.